

## «Freeze time» қашықтан облыстық фотоконкурс өткізудің ережесі

### 1. Жалпы ережелер:

1.1 «Freeze time» фотоконкурсы (бұдан әрі — Конкурс) – «Freeze time» техникасында орындалған фотосурет конкурсы («Уақытты қатыру-Заморозить время»)

### 1.2. Конкурстың қатысушысы

Конкурсқа **10 - 17** жас аралығындағы жалпы білім беру мектептері, лицей, мамандандырылған мектептің оқушылары, колледж студенттері, қосымша білім беру ұйымдарының балалар шығармашылық бірлестіктерінің тәрбиеленушілері қатыса алады

### 2. Конкурстың мақсаты мен міндеттері:

2.1 **Мақсаты:** шығармашылық тұлғаны, креативті және өзгеше ойлауды қалыптастыру.

### 2.2 Міндеттері:

- балалар мен жасөспірімдердің фото өнеріне қызығушылығын арттыру;
- шығармашылық қабілетті және фото әуесқойларының эстетикалық талғамын дамыту, шығармашылық жұмысты көпшілікке тарату;
- фото өнерін дамыту, осы салада жаңа есімдер мен дарындарды ашу.

### 3. Конкурстың ұйымдастырушысы:

3.1. Конкурстың ұйымдастырушысы М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы болып табылады

### 4. Конкурстық жұмысқа қойылатын талаптар:

4.1 Фотосуреттер конкурсқа **цифрлы түрде жіберіледі**. Жұмыстар **JPG** немесе **JPEG** форматында кез келген рұқсат қағазда және жақтардың арақатынасында болуы мүмкін.

Фото жұмыстар түрлі-түсті немесе ақ-қара болуы мүмкін. Фото жұмыспен қоса жолдама хатта жұмыстың атауы, автордың Т.А.Ә., жасы, оқу орны, сыныбы, байланыс телефоны көрсетілуі қажет (ватсап). **Конкурстық жұмыспен бірге сканирленген төлем түбіртегі жіберілуі тиіс.**

4.2 Компьютерлік бағдарламаның (графикалық редактор) көмегімен **өңделген фотосурет қабылданбайды**. Жиектеме, қол қою және авторлық плашкаға тыйым салынады. Конкурстың ұйымдастырушылары белгілі сапа мен техникалық деңгейге сәйкес келмейтін жұмыстарды түсініктеме бермей-ақ қабылдамауға құқылы.

### 5. Конкурсты өткізудің ережелері :

5.1. **Конкурс екі түрлі жас категориясы бойынша өткізіледі:**

- кіші жастағы категория: **10-13** жасар;
- ересек жастағы категория: **14-17** жасар.

5.3. Қатысушыдан **5** (бес)жұмыстан артық қабылданбайды

5.4. Жұмыс және төлем түбіртегі электронды пошта бойынша қабылданады:

[luch\\_studio@mail.ru](mailto:luch_studio@mail.ru)

5.4. Конкурсқа тек авторлық жұмыстар ғана қабылданады. Бөтен жұмысты иеленуге, оның бөлшектерін өзгертуге немесе көшіруге тыйым салынады.

5.5. Конкурсқа жарнама сипатындағы адам құқығын бұзатын, жалпыға ортақ әдептілік нормаларына сай келмейтін жұмыстар қабылданбайды.

5.6. Конкурс өткізудің ережесін бұзған жағдайда Ұйымдастырушы қатысушыны конкурсқа қатыстырмайды.

5.7. Ұйымдастырушы қабылдаған жұмыстарды коммерциялық емес жолмен пайдалануға құқылы. Конкурстық жұмыстарға рецензия берілмейді және олар қайтарылмайды.

5.8. **2020 жылдың 18 желтоқсанында сағат 19:00** «Луч» шығармашылық бірлестігінің жетекшісі Даирбаев Дәулет Бейсембаевич тегін онлайн сабақ өткізеді ( ZOOM), сабақта балаларды «Freeze light» техникасымен таныстырады. Zoom конференциясына қосылыңыздар:

<https://us04web.zoom.us/j/5484331637?pwd=NzI2Tlc3Z2JsTDljQXJqUDVDdTl3dz09>

Конференция идентификаторы: **548 433 1637**

Кіру коды: **111**

### 6. Конкурсты өткізудің мерзімі:

- 6.1. Бірінші кезең: конкурстық жұмыстарды қабылдау - **2020 жылғы 21-27 желтоқсан**  
6.2. Екінші кезең:Конкурс Қазылар алқасының жұмысы- **2020 жылғы 28-29 желтоқсан**  
6.3. Конкурс жеңімпаздарының жұмыстары **2020 жылғы 31 желтоқсанда Оқушылар сарайының сайты (<http://www.dshk.kz/>)**, «Скриншот» жастар ақпараттық агентствосы парақтары, Контакт және **@luch.studio** инстаграм парақшаларында жарияланады.

**7. Шығармашылық жұмыстарды бағалау өлшемдері:**

- *фотожұмыстың берілген конкурс тақырыбына сәйкестігі;*
- *автор ойының өзгешелігі;*
- *орындалудың көркемдік сапасы;*
- *фотоматериалдың көркемділігі;*
- *фотосуреттің көркемдік сапасы*

**8. Конкурс қатысушыларын марапаттау тәртібі**

8.1. Жеңімпаздар әрбір жас категориясына қарай анықталады және I, II, III дәрежелі дипломмен марапатталады, қатысушыларға сертификат беріледі.

8.2. Жеңімпаздардың электронды Дипломдары , сертификаттар мен алғыс хаттар Оқушылар сарайының ресми сайтына салынады <http://www.dshk.kz/>

**9. Конкурсқа қатысу үшін 500 (бес жүз) теңге жарна төлеу қажет.**

Төлеу келесідей реквизиттар бойынша жүргізіледі:

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының«М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын  
Павлодар қ., Мәшһүр Жүсіп к-сі, 27  
БИН 990240004211  
ИИК KZ18914072203KZ009LN  
Банк ДБ АО «Сбербанк»  
БИК SABRKZKA  
Кбе 16

Конкурстың үйлестірушісі: «Луч» шығармашылық бірлестігінің жетекшісі **Даирбаев Дәулет Бейсембаевич** (@ddbstudi), тел.(ватсап) **+7 747 2 9393 54** (beeline)